

Кортабаева Г.К.
**Чуваш тіліндегі ротацизмнің
фонетикалық табиғаты**

Түркі тілдерінде ротацизм сияқты өте қызықты фонетикалық құбылыстар бар екендігі ертеден белгілі. R ~ z сәйкестігінің фонетикалық табиғаты түркітану ең жұмбақ құбылыстардың бірі болып табылады. «Ротацизм» атауына ие бұл құбылыс түркітануда даулы мәселе болып қалып отыр. Бұл мақалада автор түрлі ғылыми жорамалдарға шолу жасайды және олардың көзқарастарына бірқатар түсініктеме береді.

Түйін сөздер: ротацизм, салыстырмалы-тарихи фонетика, чуваш тілі.

Kortabaeva G.K.
**Phonetic nature rhotacism in the
Chuvash language**

The Turkic languages have long been found very interesting is the phonetic phenomenon of rhotacism. Nature phonetic matching r ~ z is one of the most mysterious phenomena in Turkic studies. Phonetic phenomenon rhotacism still remains a controversial issue in linguistics. In this article the author comments on a number of different hypotheses and tries to uncover its meaning.

Key words: rhotacism, comparative- historical phonetics, the Chuvash language.

Кортабаева Г.К.
**Фонетическая природа
ротацизма в чувашском языке**

В тюркских языках уже давно было обнаружено весьма интересно такое фонетическое явление, как ротацизм. Природа фонетического соответствия r ~ z является одним из самых загадочных явлений в тюркологии и до сих пор остается спорной проблемой в языкознании. В данной статье автор комментирует несколько разных гипотез и пытается раскрыть его суть.

Ключевые слова: ротацизм, сравнительно-историческая фонетика, чувашский язык.

**ЧУВАШ ТІЛІНДЕГІ
РОТАЦИЗМНІҢ
ФОНЕТИКАЛЫҚ
ТАБИҒАТЫ**

Түркілік тілтаным тарихында дыбыстардың тарихи өзгерістерінің туыс тілдерді ажыратудың басты белгісі болды. XI ғасыр лингвисті М. Қашқаридың еңбегінен түркі тіл білімінде салыстырмалы-тарихи фонетика бұдан 1000 жылдар шамасында қалана бастаған деп айтуға негіз бар. Түркі халықтары өміріндегі күрделі саяси-әлеуметтік жағдай, жартылай көшпелі өмір салты ғылымның үздіксіз дамуына қолайлы жағдай туғыза алмағандықтан, лингвистика ғылымы да белгілі бір дәрежеде кешеуілдеп қалғаны рас. Сонау Махмұт Қашқари заманынан кейін араға 7-8 ғасыр салып барып, Батыс Еуропада салыстырмалы-тарихи фонетиканың ғылыми-теориялық негізі салына бастады.

1927 жылы Р.О. Якобсон синхронды-диахронды лингвистика зерттеулерінің басын қосып, тілдің тарихи фонологиясы мен оның жүйесінің тарихын бірге қарастыра бастады. Сол себепті тарихи фонологиялық дүниеге келуін Р.О. Якобсонның атымен байланыстырады.

Тілдің ішкі заңдылығын құрайтын дыбыс сәйкестіктерінің тарихи дамуда қызметтері де кеңейіп, сараланады. Айталық, дыбыс сәйкестіктерінің сөз мағынасына әсері түркологияда XIX ғасырдың соңғы жылдарынан бастап зерттеушілер В. Томсен, В.В. Радлов, Ж. Дени, К. Гренбек, В. Богородицкий т.б. еңбектерінен кездестіреміз [1, 16].

Қазіргі зерттеушілердің айтуы бойынша, түркітануда салыстырмалы-тарихи зерттеулерді саралағанда, фонетикаға арналған еңбектер көбірек. Фонетиканы тарихи тұрғыдан зерттеу О. Бетлинг, В. Радлов, А.Н. Самойловичтардан басталып, «түркі теңізінің» штурмандары (Дзюба О.) болып саналатын В.В. Баргольд, С.Е. Малов, В.А.Богородицкий, А.Н. Кононов, Э.Р. Тенишев, А.М. Щербак, Б.А. Серебринников, М. Ряснен, Э.В. Севортян сынды ғалымдар жалғастырды.

Түркі тілдерінің салыстырмалы-тарихи фонетикасына арналған Москва мен Ленинградта Н.К. Дмитриев (1955) және оның ізбасарлары Ф.Г. Исхаков (1955), Дж. Киекбаев (1955; 1956) Ф. Кязимов (1954), Г.П. Мельниковтердің (1962; 1963; 1970), А.М. Щербактың «Сравнительная фонетика тюркских языков» (1963; 1964; 1970), сондай-ақ түркі-монғол тілдері секторының ұжымдық еңбегі «Сравнительно-историческая

грамматика тюркских языков. Фонетика» (1984) еңбектері жарық көрді.

Қазіргі түркі тілдеріндегі ерекше фонетикалық құбылыстар санатына йотация, ламдацизм, ротацизм құбылыстарын айта аламыз. Соңғы жылдары Г.И. Рамстедт, Золтана Гобоц, Лайоша Лигети, Николас Поппе, Н.К. Дмитриев, М.Р. Федоров, Талат Текин, Е.А. Хелимский, М.З. Закиев, О.А. Мудрак, Амини Йылмаз, Али Акар, А.А. Бурькин сынды шет елдік ғалымдар осы мәселеге қызығушылық танытып, көптеген еңбектерін арнады.

Түркі тілдерінде дауыссыздардың екі дауысты арасында «сына» ретінде қолданылуы біршама кең тараған құбылыстардың қатарына жатады. Әрине, кез келген дауыссыз мұндай позицияда қолданыла бермейді. **Р дыбысының түркі және монғол тілдерінде қолданылу жағынан ұқсастық көп.**

Ротацизм дегеніміз *z* фонемасының орнына *г* фонемасының қолданылуы, яғни *r/z* сәйкестігі, орысша *r'*кание деп аталады. **Бірақ түркі, монғол тілдеріне тән ротацизм заңдылығы *p* менен *z*-ның сәйкестігі сақталып отырады: *ихер ~ eгіз, ухер ~ өгіз, түрген ~ тез, херчик ~ кесу* т.б.**

Академик Ә. Қайдардың салыстырмалы-тарихи зерттеулерге қойылатын бірнеше қағидалардың ішінен осы ротацизм құбылысына қатыстысын келтірейік: *Салыстырмалы-тарихи зерттеулердің фактілері – дыбыстар мен оның заңдылықтары, морфологиялық тұлғалар, сөйлем жүйесі және сөздердің лексикалық, грамматикалық мағыналары. Шауаш тіліндегі хер сөзі мен көпшілік түркі тіліндегі қыз сөзінің арасындағы айырмашылықтар осы тілдерге тән заңдылықтар қ-ның х-ға, з-ның р-ға, ы-ның е-ге алмасуы не сәйкестігі негізінде дәлелденуге тиіс* [2].

Түркі тілдеріндегі *r/z* дыбыстарының сәйкестігіне, яғни ротацизм құбылысына алғаш көңіл аударған И. Клапорт болды. Ал чуваш тілі мен басқа түркі тілдерінің арасындағы бұл ерекшелікті В.Шот зерттеулері кеңейте түсті. Кейінгі зерттеушілер арасында бұл тарихи өзгеріске ұшыраған дыбыстардың қайсысы бұрын деген мәселеде 2 түрлі көзқарастың бар екенін айтамыз: Г. Рамстед, М. Ряснен, Н. Баскаков сияқты ғалымдар *r* дыбысына *z* дыбысы дамып шықты десе, В. Радлов, Ю. Немет, Г. Гомбоц, Б. Серебрянников *z* дыбысынан *r* дыбысы өрбіген дейді.

Ал Н. Ашмарин, Н. Дмитриев сияқты тюркологтар бұл дыбыстардың шығуы жөнінде нақты пікірлерін айтпайды, бірақ материалдарды талдаумен болды. Оның үстіне Н. Дмитриев *r/z*

дыбыстарының алмасуы абсолютті құбылыс емес екенін көрсетті [3].

Алайда бүгінгі таңда түркологтардың басым көпшілігі *z* дыбысы *г* фонемасынан дамып шықты деген пікірде. Қалай болғанда да, *самар / самыр / сәміз* сөздеріндегі *r/z* дыбыстарының алмасуы анық байқалып тұр.

Махмуд Қашқари заманында Самарқанд пен Семізкенд атауы қатар қолданылған, яғни «Самарқандты үлкендігі үшін Семізкенд – Семіз шахар дейді. Мұны форсылар Самарқанд түрінде қолданылады» деп жазылған «Диуани лұғат ит-түрк» еңбегінде [4].

Түркі тілдерінің құрамында, якут тілі секілді басқа түркі тілдеріне ұқсамайтын ерекше тілдердің бірі – чуваш тілі. Түрік ғалымы Талат Текиннің зерттеулеріне сүйенетін болсақ, чуваш тілі Ана түрікше тілімен туыс бір тіл болған. Ана чуваш немесе Ана Бұлғар тілінен шыққан. Бұл тұжырымға сүйенсек, онда чуваш тілі басқа түрк тілдерімен туыс емес, туыс тілдердің балалары болғаны. Талат Текин чуваш тілінің шыққан тобы яғни Ана Бұлғар тілінің ең алғаш Түрк тілінен айрылуы шамамен б.з 2000 жылға баратынын айтады [5].

Көрнекті түркітанушы Н.А. Баскаков Бұлғар тілінің ерекшеліктері деп төмендегі белгілерді атайды, оның ішінде бізге керегі «өзге түркі тілдеріндегі сөз соңындағы *z* орнына *p* дыбысының қолданылуы (ротацизм құбылысы): *пар~ буз// муз; хер~қыз* т.б.» [6].

Чуваш тілінің фонетикалық жүйесін зерттеушілер оның вокализмінің құрамында Еділ бойындағы түркі тілдеріне ортақ болып келетін ерекшеліктермен қатар, ол тілдерден өзгеше таза шауаштық және әр қилы фонетикалық қоршаудың нәтижесінде қалыптасқан өзгерістерді, кейінгі замандарда ауысқан сөздер құрамындағы өзгерістерді ажыратады. Чуваш тілінің құрамында финн-угор, оның ішінде мари тілдерінің сөздері көп.

Чуваш тілінің негізгі айырмашылығы түркі тілдеріндегі *z* орнына **р**, **ш** орнына **л** әрпінің қолданылуы. Мысал келтіретін болсақ, жалпы түркі тілдеріндегі *қыз* сөзі чуваш тілінде жіңішке *і* дыбысы арқылы *һир*, *сакәрвуня сегіз он ~ сексен*, жалпы түрікшедегі *кыш* сөзінің чуваш тілінде жіңішке *і* дыбысыменен *һил* болады. Бұған қарасақ, түркі тілдерінің ішіндегі ең ескі қасиеттерді сақтаған чуваш тілі деп айтуға болады. Ең қызығы, қазақ тіліндегі *теңіз*, түрік тіліндегі *дениз* сөзінде кездесетін *z* дыбысы чуваш тілінде *тинёс* деп дыбысталады. Махмуд Қашқари заманында (XI ғ.) *z* орнына

р, ш орнына **л** әрпінің қолданылуы болмаған дейді.

Н.А. Баскаковтың «Историко-типологическая фонология тюркских языков» (1988) еңбегі түркі тілдерінің фонологиялық құбылыстарын зерттеуге арналған ерекше еңбек болып табылады. Ғалым осы еңбегінде вокализмдердің дамуын төмендігіше қарастырады, яғни түркі тілдері:

1) Алтай кезеңіне дейінгі кезеңде басқа біртұтас бөлінбеген моновокалдык жүйелі дамыған тіл болған.

2) Алтай кезеңінде вокализмнің негізі екі фонемадан құралған, олар тек қана тембр арқылы ажыратылған.

3) Хун кезеңінде жалғамалылық сипатқа толық ие болды, дауыстылардың саны сегізге жеткен. Ашық дауыстылар мен қысаң дауыстылар толық жіктелген кезең деп есептеледі.

4) Көне түркілік кезеңде жеке топтарға бөліне бастаған.

5) Қазіргі түркі тілдерінің дыбыстық ерекшеліктеріне сәйкес өзгере бастауы. [7,72-73 б.]

Сөйтіп, Н.Баскаковтың топшылауынша, Алтай дәуіріндегі біртұтас тілдерден тұңғұсманчжурь, монғол және түркі тілдері бөлініп шығып, жеке-жеке тіл ретінде қалыптасқан. Ротацизм құбылысын $p \sim z$ ол осы дәуірдің жемісі деп қарайды [6].

Ротацизм чуваш тіліндегі p дыбысының келетін кейбір сөздер басқа түркі тілдерінде z дыбысына тарихи ауысуы байқалады.

Салыстырайық:

– чув. *вӑкӑр*, монғ. йкег, венг. өкӱг, көне түркі. *ogüz* «өгіз»;

– чув. *йӑкӑр*, монғ. екегі ~ ікегі /ікеге, венг. ікег, көне түркі. *ekiz* «егіз»;

– чув. *пару*, монғ. *бігауи*, венг. *еорју*, көне түркі. *визау, бузау* «бұзау»;

– чув. *сыр*, монғ. *ј і г и*), көне түркі. *јаз* «жаз».

Түркологтар z дыбысын ең ескі дыбыстардың қатарына қосады. Татар ғалымы Р.Г.Ахметьяновтың этимологиялық ізденістерінде монғол, тұңғыс-манчжурь, чуваш тілдеріндегі r дыбысын архетип (түбіртек) деп таниды [8, 129].

Б.А. Серебринников пен А.М. Щербак та бұл мәселеде қалыс қалмады: олар r/z құбылысын басқаша дәлелдеуге тырысады: Предположение о первичности r в шауашском построено без учета основных тенденций развития шауашского консонантизма. Одна из наиболее характерных особенностей развития шауашского консонантизма состоит в стремлении к ослаблению смычки, в соответствии с чем, например, древний задненебный q в шауашском

языке превратился в х...; Древний ч в шауашском языке превращался в ч'... Поднав под действие дальнейшего ослабления щели затвора, исконный z мог бы дать r , так как несмотря на артикуляционную сложность r степень раскрытия затвора у r больше, чем у z [9].

Сөйтіп, Ю.А. Серебринников түркі тілдеріне жуан дауыстылардан кейін жіңішке дауысты дыбыстардың келуі мүмкін емес екенін ескерте келіп, фин ғалымы Г.И. Рамстедтің елеулі қателікке ұрынғанын ашып айтады.

Татар ғалымы М.З. Закиев, Ф. Хакимянов, Ю. Шамилоглы сияқты ғалымдар кейінгі бұлғарлардың z -тілде сөйлеуіне байланысты ашмаринистер «бұлғар тілінің ауысуы жайлы» жаңа болжамдарын ұсынды. Бұл болжам бойынша бір кездерде бұлғарлар ескі чуваш тілінде сөйлеген, монғол шапқыншылығына дейін-ақ өздерінің бұрынғы тілдерін тастап, кейін z -тілді тілге айналған дейді [10]. Ғалымдардың ашмаринистер деп отырғаны «бұлғар-чуваш» теориясын ұсынған Н.И. Ашмарин және оның жақтастары туралы.

Бұл ғалымдар бұл өзгерістің себебін «Бұлғарияға көшіп келген z -тілді қыпшақтардың немесе Орта Азиядан келген дін қызметкерлерінің ықпалымен, тіпті оба індетіне байланысты халықтың толық қоныс аударуымен» түсіндіреді және «көне бұлғар тілінің жазба ескерткіштері тілінің деректері негізінде бұлғарлар о бастан-ақ қазіргі татар тілінің кейбір белгілері бар z тілінде сөйлеген, ешқандай ротацизм, ламдаизм белгілері болмаған» деген қорытындыға келеді.

Башқұрт ғалымы М.Р.Валиева «Происхождение фонетических соответствий $p \sim p$, $z \sim p$, $y \sim p$ в башкирском языке» деген еңбегінде «Общеизвестно, что «булгарский ротацизм» наблюдается только в чувашском языке среди тюркских языков. Однако некоторые корреляты активно функционируют в башкирском, татарском языках» деген қорытындыға келеді [11]. Біз де бұл пікірге қосыламыз: **чуваш тілімен қазақ тілін салыстырсақ: *хер* ~ *қыз*, *хур* ~ *қаз*, *хуран* ~ *қазан*, *ватар* ~ *отыз*, *хантар* ~ *құндыз*, *самар* ~ *семіз*, *зер* ~ *жүз*, *сур* ~ *жаз*, *чер* ~ *тізе* т.б. түрінде дыбысталады.**

М.Р. Валиева аталмыш мақаласында ротация құбылысын жан-жақты зерттей келе, көзқараспкірлерді төмендегіше жіктеп көрсеткен. Оны сол күйінде еш өзгеріссіз сілтеме жасағанды жөн санадық.

1) $r // z$, Ю. Клапрот, В. Шотт, Н.И. Ашмарин считают, что $r \sim z$ – явление не имеет хронологической датировки;

2) $r > z$, Р.И. Рамстедт, М. Рясянен, Бернат Мункачи, Золтан Гомбоц, Маргет К. Палло, Лайош Лигети, Н. Поппе, Н.К. Дмитриев, И.Г. Добродомов, Е.А. Хелимский, А.А. Бурыкин и др. доказывают, что слова с фонемой r являются первичными по отношению к их коррелятам с фонемой z ;

3) $z > r$, В. Богородицкий, В.В. Радлов, И. Бенцинг, Й. Буденц, Б.А. Серебренников и др. утверждают обратное взглядом учёных второй группы;

4) $\delta > r \sim z \sim j$, А.М. Щербак, А.Г. Бишев реконструируют звонкий межзубный согласный δ априорной фонемой по отношению к зетацизму и ротацизму [11].

Макаланы қорытындылай келгенде, p -з және l -ш сәйкестігі туралы бұрынғы және қазіргі

жасалған болжамдарда бірізділік жоқ екенін нақты айта аламыз. Жалпы алғанда, p -дің z -ге қалай ауысып кеткенін нақты ешкім түсіндіріп берген емес. Өйткені тіл-тілдегі дыбыс алмасуды тарихи үдерістің бір факторы ретінде қарастырсақ, оны бір күнде зерттеп, жаңа болжамға қол жеткізу оңай емес. Сол себепті түркітанушылардың бұл мәселеге әр кезде түрлі көзқараспен келуі заңды құбылыс. Дау тудырмайтыны, ротацизм чуваш тіліне тән құбылыс, XIII-XIV ғасырға жазылған эпитафиялық ескерткіштердің сақталып қалғандығы. Тағы бір ескерер жайт, ротацизмге ұшыраған сөздердің монғол және тұңғыс-манчжур тілдерінде көп кездесетіндігін ол тілдердің генетикалық жағымен байланыстыруға болады.

Әдебиеттер

- 1 Ерімбетова А.Х. Түркі тілдеріндегі дауысты дыбыстардың архитипі. – Астана, 2011. – 174 б.
- 2 Қайдар Ә., Оразов. М. Түркітануға кіріспе. – Алматы, 2004. – 360 б.
- 3 Дмитриев Н. К. Исследования по сравнительной грамматике тюркских языков. Фонетика. – М., 1955.
- 4 Қашғари М. Түбі бір түркі тілі («Диуани лұғат ит-түрк»). – Алматы, 1993.
- 5 Talat Tekin. Makaleler I. Grafiker Yayıncılık: 11, Araştırma İnceleme Dizisi: 5. – Ankara, 2003.
- 6 Баскаков Н. Тюркские языки. – М., 1960. – 248 с.
- 7 Баскаков Н.А. Историко-типологическая фонология тюркских языков. – М., 1988.
- 8 Ахметьянов Р.Г. О генеалогической классификации кыпчакских тюркских языков // Советская тюркология. – Баку, 1978. – № 6. – С. 31.
- 9 Серебренников Б.А. О некоторых спорных вопросах сравнительно-исторической фонетики тюркских языков // Вопросы языкознания. – М., 1960. – № 4.
- 10 Закиев М.З. Татары: проблемы истории и языка. – Казань, 1995. – 464 с.
- 11 Валиева М.Р. Происхождение фонетических соответствий $p \sim r$, $z \sim r$, $й \sim r$ в башкирском языке // Актуальные проблемы гуманитарных и общественных наук. – 2016. – № 1 (58). <http://elibrary.ru>

References

- 1 Erimbetova A.X. Türki tilderindegi dawıssız dibistardıñ arxıtipteri. – Astana, 2011. – 174 b.
- 2 Kaydar A., Orazov.M Turkytanuga kyryspe. – Almaty, 2004. – 360.
- 3 Dmitriev N.K. Issledovanya po sravnitelnoy grammtike tyurkskih yazykov. Fonetika. – M., 1955.
- 4 Kashghary M. Tuby bir turki tyly («Divani lugat it-turk») – Almaty, 1993
- 5 Talat Tekin. Makaleler I. Grafiker Yayıncılık: 11, Araştırma İnceleme Dizisi: 5, – Ankara, 2003.
- 6 Baskakov N.A. Turkskiye yazyky. – M., 1960. – 248.
- 7 Baskakov N.A. Istoriko-tipologicheskaya fonologya tyurkskih yazykov. – M., 1988
- 8 Ahmetyanov R.G. Ogenyalogicheskoy klsasifikasiyi kypchakskiyh turkskyh yazylov. – M., 1988
- 9 Serebrennikov B.A. O nekotoryh spornyh voprosah sravnitelno-istorycheskoi fonetyky tuyrkskih yazykov // Voprosy yazykoznanya. – 1960. – №4. – M., 1988.
- 10 Zakiev M.Z. Tatary: problem istoryy i yazyka. – Kazan, 1995. – 464.
- 11 Balieva M.R. Proishogdenie fonetysheskiq sootvetstvi p ~ r, z ~ r, й ~ r v bashkirskom yazike // Aktualnie problem gumanitarniq I obshestbenni q nauk. 2016. № 1 (58). <http://elibrary.ru>